

**"Алматы қаласының аумағында жасалған әкімшіліктік тәртіп бұзушылықтар үшін "Әкімшіліктік тәртіп бұзушылықтар туралы" Қазақ ССР кодексінде қарастырылған айыппұл көлемін қайта есептеу тәртібі туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 25 желтоқсандағы ХХІІІ-сессиясының шешіміне толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

ІІ сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VI сессиясының 2000 жылғы 27 қыркүйектегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 қазанда N 202 тіркелді. Күші жойылды - ІІ сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IX сессиясының 2001 жылғы 04 сәурдегі шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - ІІ сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IX сессиясының 04.04.2001 шешімімен.**

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258 -1 ЗРК Қазақстан Республикасы Заңының 3 бабының 2 тармағына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

"Алматы қаласының аумағында жасалған әкімшіліктік тәртіп бұзушылықтар үшін "Әкімшіліктік тәртіп бұзушылықтар туралы" Қазақ ССР кодексінде қарастырылған айыппұл көлемін қайта есептеу тәртібі туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 25 желтоқсандағы ХХІІІ-сессиясының шешіміне толықтыру енгізілсін және бекітілсін.

ІІІ тармаққа. ӘТК баптары бойынша айыппұлдар көлемі бекітілсін: қосылсын: ҚазССР ӘТК 42 бабы.

Санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиядан қорғау тәртіптері мен нормаларын бұзғандығы үшін азаматтарға он бес айлық есептемелік көрсеткіштің көлеміне дейін айыппұл салынады, бұл жағдайда салынатын айыппұл екі айлық есептемелік көрсеткіштен кем болмауға тиіс және лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептемелік көрсеткіштің көлеміне дейін айыппұл салынады, бұл жағдайда салынатын айыппұл төрт айлық есептемелік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.

*ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты VI-сессиясының төрағасы*

*Е. Шайкүтдинов*

*ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы*

*Ж. Төрегелдинов*